

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Сыныбы: «Ә» сыныбы

Балалардың жасы : 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 20-24 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесулі үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, ең қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінзді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру. Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр» Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру. Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру. Шығармашылық бұрышында еңбек ету.

Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 14				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	<p>«Құмырсқа» өлеңі</p> <p>Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты орнына. Оңға, солға қарады, Үлкен тау деп ойлады.</p> <p>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру.</p>	<p><i>Құмырсқа» өлеңі</i></p> <p><i>Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты орнына. Оңға, солға қарады, Үлкен тау деп ойлады.</i></p> <p><i>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру</i></p>	<p>«Армысыз!» Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!</p>	<p>«Армысыз!»</p> <p>Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!</p>	<p>«Армысыз!»</p> <p>Армысыз,қайырымды Аспан ата! Армысыз,мейірімді Жер ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! Амансын ба, Алтын күн! Амансын ба,Көк аспан! Амансын ба,достарым! Аманбысыз,апай!</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру Мақсаты Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды. Түлкі мен Қоян Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті:- Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу Мақсаты Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру</p> <p>Ойын жаттығулары: «Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті -Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңшке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру Мақсатыалдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз. Мысалы: ааалжапқыш-алжапқышыш, бааағдаршам-</p>	<p>Сауат ашу негіздері МіндетіЖазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білуді, жазу жолы мен Мақсаты дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: кқққасқыр(к), еееетік(е), тттүлкі(т), өөөөрік(ө), бббалық(б), ссссағат(с), ааалқа(а), жжжжаз(ж), мммоншақ(м),</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Мақсаты театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сикырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды. – Бұл қандай жануар? – Қандай ертегіде кездеседі?</p>

	<p>ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалынды. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Педагог: –Ертегі сендерге ұнады ма? –Ертегі де нелер туралы айтылған? –Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты? –Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген? –Бір күні не болыпты? –Түлкі қалай құтылып кетіпті? –Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді? –Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті? –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p>	<p>моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады.</p>	<p>бағдаршааам, дээріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалак-шапалааак, жааапырақ-жапалааак, жооомбыра-домбырааа, коообыз- кобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, кааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, бааалапан- балапааан, бооотакан-ботақааан, көөөзілдірік -көзілдірііік, жаааапырақ- жапырааак , көөөрпе-көрпеее т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр» – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).</p> <p>Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Беріііік! Мереееей! т.б.) – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар</p>	<p>ккқоңыз(к), ккқолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оотын(о), ккқарға(к), сссазан(с), шшшшахмат(ш), тттау(т), ккккерік(к), эээгеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), ккққобыз(к), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е), үүүзенгі(ү), ааарба(а) т.б.</p> <p>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құралатындай екінші буынды айтуларың керек.</p> <p>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, қар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, кырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жүл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.</p> <p>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p>	<p>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.</p> <p>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді) – Әр ұяшықта сандар бар. – Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. – Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегінің рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз. Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді</p>
<p>Үзіліс:</p>					

Саусақ гимнастикасы

Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын кимылдарын тез орындап үйренеді.


Тасбақа.

Тасбақа, тасбақа,

Тас астында тұрады.

Басын баяу шығарып,

Тиіссе кері тығады.



Психологиялық ойын:

«Суреттерді аяқтайық» жаттығуы.

Мақсаты:

Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .


Ойын шарты: Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді .

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: --Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Мақсаты Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру. Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.</p> <p>Құстар біздің досымыз. Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?</p> <p>Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи материалдар мен қажетсіз нәрселерді қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады. Дидактикалық ойын: «Балапандар» Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Ойынның шарты: Қай құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру Мақсаты Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш.</p> <p>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ. «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды</p>	<p>Математика негіздері Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды</p>  <p>Талқылап, сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру Мақсаты Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. 2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру. 3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу</p> <p>Жұмбақтарды шешу: Жұмбақтар 1. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. (Полиция қызметкері) 2. Көше бойлап аяндайды, Адам тасып, аялайды. (Автобус) 3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол) 4. Жок өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам) 5. Арқаным бар тым ұзын, Ала - алмайсың бір үзім. Табыңдаршы, балалар, Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол) 6. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» дейді. (Бағдаршам) Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек. - Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. - Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту Мақсаты Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады. – Маймыл қандай сөреде отыр? (Оң жақтағы жоғарғы.) – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.) – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр? Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды..</p>
--	---	---	--	---	---

				<p>көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.</p> <p>- Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)</p> <p>- Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді). (Тақтада)</p> <p>Қызыл – тоқта!</p> <p>Сары - сақтан!</p> <p>Жасыл - жол ашық!</p> <p>1 -: Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға!</p> <p>2 -: сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға!</p> <p>3 -: Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба!</p> <p>(Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады).</p>	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс:




Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен»

Мақсаты:ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.

Ойынның шарты:Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады.

Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдері жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу -Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -Құрылыс материалдарынан, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу Мақсаты:- алашаның суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау Мақсаты жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру Балалар мектепке келді. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не? – Мынау – мектеп. – Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді? – Мектепте оқиды, білім алады. – Мынау – оқушы. Мынау кім? – Мынау – оқушы. – Мынау – оқушылар. Мынау кімдер? – Мынау – оқушылар. – Мынау – мұғалім. Мынау кім? – Мұғалім. Мынау – сынып. Сы-нып. – Мынау не? – Мынау – сынып. Мектепте сынып бар. – Мектепте не бар? – Мектепте сынып бар. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады. Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар? Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар. Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу Мақсаты .Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. –«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады? –Неше дауысты дыбыс бар? –Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? –Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс. Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс. К – дауыссыз дыбыс. І – жіңішке дауысты дыбыс.</p> <p>–Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық. Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады. Мысалы, Тұл – ..., ко – , кас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол –</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру Мақсаты театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту</p> <p>Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды. Кел, көрейік ертегі, Естіген жанды елітеді. Талай ғажап оқиға Қызық сырын шертеді. – Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз? – Ертегіде кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-құлқы болады (ашулы, катал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік. – Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан) – Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтең, шаруа)</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу Мақсатытүстерді қазақша айтуға үйрету. Қима материалмен жұмыс. – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі сары. – Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті. – Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды) Мынау – қара түс, қара. – Қандай түс? – Қара түс. – Мынау – күлгін түс, күлгін. – Қандай түс? – Күлгін түс. – Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір. – Қандай түс? – Көгілдір түс. – Мынау – қызғылт түс, қызғылт. – Қандай түс? Қызғылт түс Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p>
--	--	---	---	---	--

Үзіліс:



Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Қоңырау қайдан естіледі?»

Мақсаты: Зейін, тыныс алу ырғағын дамыту, қимыл қозғалысын жетілдіру.

Ойынның шарты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. Тәрбиеші балаларға: «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табындар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одна кейін балаларға тағы да беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: -Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру Мақсаты .алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек. Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(к), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(к), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ),</p>	<p>Музыка Міндеті: - - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Мақсаты Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру</p> <p>Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет) «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева)</p>	<p>Музыка Міндеті Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту Мақсаты Музыкаарқылы батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық кимылдар «Бақытты балалық шақ»</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -Ұлттық қимылды ойындарды ойнату Мақсаты .Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Шапшаң доп» (Баскетбол) Өлең жолдарына сәйкес кимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады. Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -Ұлттық қимылды ойындарды ойнату Мақсаты .Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№3) Допты аяқ басымен қысып жүреді. Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты түсірмеуге тырысады. Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады.</p>
--	--	--	--	---

	...ырыққабат(к), ...сқабақ(а), ...армақ(к), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...акта(т), ...уыршақ(к), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.		(«Мен бақытты баламын» CD), «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)		
Серуенге дайындық		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p align="center">Мамыр Серуен-Бақылау №15 Бақылау: Көбелектерді бақылау.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;</p> <p>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p align="center">Бақылау барысы</p>	<p align="center">Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Гүлзарды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>Өсімдіктерді күту, сұғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p>	<p align="center">Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Гүлзарды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>Өсімдіктерді күту, сұғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p>	<p align="center">Мамыр Серуен-Бақылау №17 Бақылау: Көбелектерді бақылау.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>- көбелектер туралы білімдерін молайту; пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;</p> <p>-барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p align="center">Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов</p>	<p align="center">Мамыр Серуен-Бақылау №18 Бақылау: Гүлзарды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>Өсімдіктерді күту, сұғару іскерліктерін тиянақтау;</p> <p>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді</p>

	<p>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов</p> <p>Дала қандай керемет, Койның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың.</p> <p>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.</p> <p>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген</p> <p>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көбелектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозандандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p>Зерттеу жұмысы</p>	<p>Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек</p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалаяу, қопсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек</p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалаяу, қопсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Дала қандай керемет, Койның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың.</p> <p>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.</p> <p>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген</p> <p>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көбелектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозандандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p>	<p>Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек</p> <p>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалаяу, қопсыту).</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p> <p>Еңбек</p> <p>Гүлзардағы қоқыстарды жинау</p> <p><i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p>			<p>Еңбек</p> <p>Гүлзардағы қоқыстарды жинау</p> <p><i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p>	
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Әнуар және Айшамен «Менің Қазақстаным» туралы әңгімелесу.	Жібекке пішіндерді салыстыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы сипаттайды.	Жасминге отан туралы сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету..	Жанеркемнен ҚР мемлекеттік рәміздерін сұрау.	Жанайымға достарымен ойыншықты бірге ойнау керектігін түсіндіру. Достық қарым-қатынасқа үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат».	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. •Гүл-араға, бал-балаға. •Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма».	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма».

	<p>Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру</p>		<p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</p> <p>•Гүл-араға, бал-балаға.</p> <p>•Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p>		<p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа.</p> <p>•Гүл-араға, бал-балаға.</p> <p>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замокссыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>